

«Фридом Финанс» АҚ-тың қызмет көрсетуге арналған «PROFESSIONAL» ТАРИФІ
(тариф 2025 жылғы 22 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі)

№	КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІҢ АТАУЫ	ТАРИФ
БРОКЕРЛІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР		
1. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРМЕН ЖАСАЛАТЫН САУДА ОПЕРАЦИЯЛАРЫ		
1.1.	Ұйымдастырылған нарықта қаржы құралдарын сатып алу / сату	
1.1.1.	KASE (Қазақстан Қор Биржасы)	мәміле сомасының 0,09 %-ы *
1.1.2.	AIX (Астана Халықаралық қаржы орталығының Биржасы)	мәміле сомасының 0,09%-ы *
1.2.	Ұйымдастырылмаған нарықта қаржы құралдарын сатып алу / сату	мәміле сомасының 0,5%-ы **
1.2.1.	Ұйымдастырылмаған нарықта Қоғам клиенттерінің (жеке және заңды тұлғалар) ISIN-і "RU"-дан басталатын қаржы құралдарын сатып алуы/ сатуы	мәміле сомасының 0,5%-ы
1.3.	Халықаралық нарықтарда қаржы құралдарын сатып алу / сату	мәміле сомасының 0,3%-ы (аз дегенде 10 000 теңге), мәмілені AIX арқылы жүргізген жағдайда, мәміле құнының 0,50%-ы, аз дегенде 60 000 теңге»
1.4.	РЕПО операциялары	әр күн үшін операцияның ашылу көлемінің 0,001%-ы, РЕПО операциясы үшін 1 000 теңге (РЕПО-ны ашу және жабу үшін)
1.5.	РЕПО операциясын ұзарту/параметрлерін өзгерту	1 000 теңге
1.6.	Өтелмеген позицияларды ауыстыру операциясы (теңгеде)	әр күн үшін операцияның ашылу көлемінің 0,02%-ы (аз дегенде 10 теңге) Өтелмеген позицияларды ауыстыру операциясы бойынша сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өтімділік ұсыну бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме сомасының және жылдық 5%, бірақ жылдық 15%-дан кем емес мөлшердегі маржаның мәніне тең
1.7.	Өтелмеген позицияларды ауыстыру операциясы (АҚШ долларында)	әр күн үшін операцияның ашылу көлемінің 0,02%-ы (аз дегенде 10 теңге) Өтелмеген позицияларды ауыстыру операциясы бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 15%-дан аспайды.
1.8.	Брокердің борыш бағалы қағаздарын оларды бастапқы орналастыру шеңберінде сатып алу	Тегін
1.9.	Біржолғы сату	Бағалы қағаздарды біржолғы сату нәтижесінде болған соманың 2 %-ы ****
2. ҚАРАЖАТПЕН ЖАСАЛАТЫН САУДАҒА ЖАТПАЙТЫН/САУДА ОПЕРАЦИЯЛАРЫ		
2.1.	Ақшаны есепке жатқызу	Тегін** (корреспондент-банктердің, эквайринг жүйесінің комиссиясы аударған кезде ұсталады)
2.2.	Ақшаны есептен шығару (KZT)	Жай төлем – 600 теңге
2.3.	Валюта аударымы	аударым сомасының 0,3%-ы (аз дегенде 15 000 теңге)
2.4.	Ақшаны биржадан тыс валюта нарығында айырбастау,	Тегін

2.5.	Ақшаны биржалық валюта нарығында айырбастау	мәміле сомасының 0,04%-ы
НОМИНАЛДЫ ҰСТАУ КӨРСЕТІЛЕТІНДІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ		
3. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖАСАЛАТЫН САУДАҒА ЖАТПАЙТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР		
3.1.	Дербес шот ашу, жабу	Тегін**
3.2.	Номиналды ұстау (активтерді сақтау және есепке алу)	Тегін***
3.3.	Бағалы қағаздарды есепке жатқызу (оның ішінде номиналды ұстауға енгізу)	Тегін** (корреспондент-банктердің, эквайринг жүйесінің комиссиясы аударған кезде ұсталады)
3.4.	Бағалы қағаздарды есептен шығару (оның ішінде номиналды ұстаудан шығару)	4000 теңге AIX CSD-ден шығарған жағдайда, ең аз дегенде 50 000 теңге
3.5.	Кепіл операцияларын/қаржы құралдарының ауыртпалығын тіркеу	2 000 теңге
3.6.	Дербес шот бойынша операцияның орындалғаны/орындалмағаны туралы хабарлама	Тегін
3.7.	Дербес шоттың үзінді көшірмесі	2 000 теңге
3.8.	Бағалы қағаздардың және ақша қозғалысы туралы есеп	Тегін
4. БАСҚА ДА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР		
4.1.	ҚР ҰБ Ұлттық төлем корпорациясының куәландырушы орталығында электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін шығарып беру	4 000 теңге
4.2.	Ағымдағы жылы АҚШ салығын ұстап қалуды түзетуге арналған өтінімдерді өңдеу. 1	Бір өтінімді қарау үшін 75 000 теңге
4.3.	Клиенттерден алған жазбаша нұсқаулыққа сәйкес акционерлердің жалпы жиналыстарында аталған клиенттердің атынан сенімхатсыз дауыс беру	10 АЕК + номиналды ұстаушының қызмет көрсету нәтижесінде келтірілген шығысын өтеу (соның ішінде, бірақ шектелмей, қызметкердің іссапар шығыстары (көлік шығысы, тұруға, тамақтануға жұмсалатын шығыс және т.б.)

Ілеспе үстеме шығыстар және комиссиялық сыйақыны қолдану талаптары

* - IPO (акцияларды жария орналастыру) өткізу шеңберінде Биржаның комиссиясы қосымша алынады

** - мәмілені қолдауға тартылған бөгде ұйымдардың көрсетілетін қызметтеріне комиссиялар қосылмаған

*** - Кастодианның, Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің, шетелдік депозитарийлердің комиссиялық сыйақысы бөлек ұсынылады.

**** - төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда және ерекшеліктерді ескере отырып, брокер мен клиенттің арасында жасалған брокерлік шарттың шеңберінде клиенттің кез келген шоттан қаражатты шығарғанға дейін брокердің ұстауға құқылы комиссиялық сыйақысы:

Біржолғы сату деп клиенттің Қоғамның қатысуынсыз, яғни Қоғамның клиенттің есебінен және оның мүддесі үшін мәмілені (мәмілелерді) оның жеке шотынан қаражатты шығарған сәтке дейін толық көлемде жасауы нәтижесінде сатып алмаған бағалы қағаздарды сатуы (бұдан әрі – Бір жолғы сату) түсініледі.

Осы тарифтің 1.9-тармағында көзделген комиссиялық сыйақы мынадай жағдайларда ұсталмайды:

- егер клиенттің шоты бойынша жасалған кез келген бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерінің жиынтық айналымы біржолғы сату күніне дейін 3 (үш) айға тең кезең үшін (біржолғы сату күнін қоса алғанда) біржолғы сату, соның ішінде біржолғы сату мәмілесі нәтижесінде алған қаражат сомасының үш еселенген көлемінен асып кетсе комиссиялық сыйақы ұсталмайды. Көрсетілген айналымға нарықта өтелмеген позицияларды ауыстыру операциялары бойынша айналым (Т+2) кірмейді;
- егер бағалы қағаздар клиенттің Қоғамның басқа клиентінен (мұра қалдырушыдан) мұрагерлігі нәтижесінде Қоғамда ашылған дербес шоттардан бағалы қағаздарды есептен шығару және есепке жатқызу операциясын жүргізу жолымен есепке алынса;
- егер бағалы қағаздар Қоғамда осы клиенттің шоты бойынша есепке алынған бағалы қағаздарды айырбастау нәтижесінде есепке алынса комиссиялық сыйақы ұсталмайды.

Осы тарифтің 1.9-тармағында көзделген барлық есеп айырысу, сондай-ақ комиссиялық сыйақыны ұстау теңгеде жүргізіледі. Егер мәмілелер бойынша айналым шетел валютасында көрсетілсе, сыйақыны ұстаған сәтте анықталатын ақша қаражаты шығарылған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгеге қайта есептеу жүргізіледі.

Тарифті тандау және өзгерту

Брокерлік қызмет көрсету (номиналды ұстаумен/номиналды ұстаусыз) шартын жасаған кезде, Клиент ұсынылатын тарифтердің бірін өз бетінше таңдайды.

Клиент басқа тарифке ауысуды таңдаған кезде тарифті ауыстыруға бұйрық беруі қажет (қолма-қол немесе Tradernet платформасы арқылы). Жаңа тарифке ауысқан кезде, тариф тарифтік жоспарды өзгертуге бұйрық тіркелген күннен кейінгі күні күшіне енеді.

Ескертпе

Барлық тариф үшін есептеу кезінде тиынды бүтін теңгеге дейін өсу жағына қарай дөңгелектеу қолданылады.

1 Түзету тек Freedom Finance SPC облигациялары бойынша купондық төлемдерге қатысты жүргізіледі.